



010000, Астана қаласы,
Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, № 4 кіреберіс,
тел.: (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52
e-mail: administrator@minfin.gov.kz

010000, город Астана,
проспект Мәңгілік Ел, дом 8, подъезд № 4
тел.: (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52
e-mail: administrator@minfin.gov.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

**А.Перуашевқа, Д.Еспаеваға,
Е.Никитинскаяға, К.Абсатировке,
Б.Дюсембиновке, М.Қазбековаға,
Е.Барлыбаевқа**

2018 жылғы 9 ақпандағы № ДЗ-43

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі құрылыс, сәулет және қала құрылыс саласындағы уәкілетті органымен бірлесіп мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі отандық өндірушілердің мүдделерін қорғау мәселелеріне қатысты қосымша талдау жүргізген.

Сіздерге бұдан алдын хабарланғандай, «Кентау трансформаторлық зауыты» АҚ өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті «Алматы қаласы энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы» КММ-де (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) «Көк-Жайлау» тау курортының сыртқы электрмен жабдықтау үшін электр желілерінің құрылысы», «Алматы қаласындағы 2017 Универсиада объектілерінің сыртқы электрмен жабдықтау үшін электр желілерінің құрылысы», «Алматы қаласына қосылған аумақты электрмен жабдықтау желілерін дамыту (Алматы қаласының Оңтүстік-Батыс бөлігіндегі тұрғын-үй ауданын (153 га) сыртқы электрмен жабдықтау)» 3 жобаны іске асыру бойынша аудит жүргізген.

Жоғарыда аталған 2 жоба бойынша: «Алматы қаласындағы 2017 Универсиада объектілерінің сыртқы электрмен жабдықтау үшін электр желілерінің құрылысы», «Алматы қаласына қосылған аумақты электрмен жабдықтау желілерін дамыту (Алматы қаласының Оңтүстік-Батыс бөлігіндегі тұрғын-үй ауданын (153 га) сыртқы электрмен жабдықтау)» Тапсырыс беруші күш трансформаторларын ауыстырған.

Бұл ретте, Тапсырыс беруші жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу тапсырмасында қазақстандық өндірісіндегі трансформаторларға сәйкес келетін техникалық сипаттамалары көзделген, олар кейіннен ресей өндірісіндегілерге ауыстырылған болатын, өйткені құрылымына «Кентау трансформатор зауыты» АҚ кіретін «Alageum electric» Холдингінің трансформаторлық жабдық бөлігіндегі баға ұсынысы бір жағдайда сметалық құнын 3,1 есеге және екінші жағдайда 4,2 есеге артты.

Мысалы: «Алматы қаласына қосылған аумақты электрмен жабдықтау желілерін дамыту (Алматы қаласының Оңтүстік-Батыс бөлігіндегі тұрғын-үй ауданын (153 га) сыртқы электрмен жабдықтау)» жобасы бойынша 2 дана трансформатордың сметалық құны 106 251,9 мың теңгені құрайды, ал «Кентау трансформатор зауыты» АҚ-тың баға ұсынысы -443 528,4 мың теңгені құрады.

Жобалау-сметалық құжаттаманың локалды сметадан трансформаторларды сатып алу бөлігінде өзгертуі техникалық кеңестік хаттамалары негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 бұйрығымен бекітілген Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларын (бұдан әрі - Қағидалар) сақтай отырып өткізілген.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрілігі - құрылыс, сәулет және қала құрылыс саласындағы уәкілетті органның ақпараты бойынша «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабының 3-тармағына сәйкес, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезінде құрылыс материалдарының, бұйымдарының, жабдықтарының таңдау Тапсырыс берушінің құзыретіне кіреді.

Сонымен қатар, қолданыстағы Қағидалардың 10-тармағының 3-тармақшасына сәйкес, құрылыс салуға арналған жерге тиісті құқықты (бас жобалаушыға) жобалау-сметалық құжаттаманы жасау үшін қажетті жобалауға арналған тапсырманы ұсынады (мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар шеңберінде құрылысқа мемлекеттік инвестициялар есебінен қаржыланатын) объектілердің жобалауға арналған тапсырмасында халықаралық міндеттері ескере отырып, қазақстандық өндіретін құрылыс материалдарын, жабдықтарын, бұйымдары мен конструкцияларын қолдану міндетті талап болып табылады).

Осыған орай, ұсынылған ақпараттан қазақстандық өндірісіндегі құрылыс материалдарын, бұйымдарды, жабдықтарды және конструкцияларды қолдану басымды болып табылады. Бұған қоса жобалау-сметалық құжаттамаға отандық өндірушілерінің тауарлары үшін техникалық сипаттамаларды қосу арқылы мемлекеттік жобаларды іске асыру мемлекеттік сатуп алу заңнамасына қайшы болмайды.

Сонымен, «Мемлекеттік сатып алу» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ЗРК Заңына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидаларына негізделеді.

Сонымен бірге отандықтауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерге Қазақстан Республикасы

ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсету мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарының бірі болып табылады.

Осыған байланысты Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің аумақтық бөлімшелеріне бақылау іс-шараларын жүзеге асыру кезінде жоғарыда аталған заңнама нормаларын сақтау тапсырылған.

Құрметпен,
Министр

Б.Сұлтанов

**Депутатам Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**

**Перуашеву А.Т., Еспаевой Д.М.,
Никитинской Е.С., Абсатирову К.Г.,
Дюсембинову Б.С., Казбековой М.А.,
Барлыбаеву Е.Х.**

На № ДЗ-43 от 09.02.2018 г.

Уважаемые депутаты!

Министерством финансов Республики Казахстан совместно с уполномоченным органом в сфере строительства, архитектуры и градостроительства проведен дополнительный анализ по вопросу защиты интересов отечественных производителей в системе государственных закупок.

Как Вам ранее сообщалось, по обращению АО «Кентауский трансформаторный завод» Департаментом внутреннего государственного аудита по городу Алматы Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан в КГУ «Управление энергетики и коммунального хозяйства города Алматы» (далее - *Заказчик*) проведен аудит по реализации 3 проектов: «Строительство электрических сетей для внешнего электроснабжения горного курорта «Кок-Жайлау», «Строительство электрических сетей для внешнего электроснабжения объектов Универсиады 2017 года в городе Алматы», «Развитие сетей электроснабжения присоединенных территорий к городу Алматы (внешнее электроснабжение жилого района (153 га) в Юго-западной части города Алматы, 1-очередь»).

По вышеуказанным 2 проектам: «Строительство электрических сетей для внешнего электроснабжения объектов Универсиады 2017 года в городе Алматы», «Развитие сетей электроснабжения присоединенных территорий к городу Алматы (внешнее электроснабжение жилого района (153 га) в Юго-западной части города Алматы, 1-очередь») Заказчиком осуществлена замена силовых трансформаторов.

При этом, Заказчиком в задании на разработку проектно-сметной документации предусмотрены технические характеристики, соответствующие трансформаторам казахстанского производства, которые в последующем заменены на российское производство, так как ценовое предложение, в части трансформаторного оборудования Холдинга «Alageumelectric», в структуру которого входит АО «Кентауский трансформаторный завод», в одном случае превысило в 3,1 раза и другом случае в 4,2 раза сметную стоимость.

К примеру: сметная стоимость 2-х единиц трансформаторов по проекту «Развитие сетей электроснабжения присоединенных территорий к городу Алматы (внешнее электроснабжение жилого района (153 га) в Юго-западной части города Алматы, 1-очередь)» составляет 106251,9 тыс.тенге, ценовое предложение АО «Кентауский трансформаторный завод» - 443 528,4 тыс.тенге.

Корректировка проектно-сметной документации в части исключения из локальной сметы приобретения трансформаторов произведена на основании протоколов технического совещания с соблюдением Правил организации деятельности и осуществления функций заказчика (застройщика), утвержденных приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 19 марта 2015 года № 229 (далее - Правила).

По информации уполномоченного органа в сфере строительства, архитектуры и градостроительства – Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан в соответствии с п.3ст.63 Закона Республики Казахстан «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан», выбор строительных материалов, изделий, оборудования при разработке проектно-сметной документации является прерогативой Заказчика.

Вместе с тем, согласно пп.3 п.10 действующих Правил, при наличии документа, подтверждающего соответствующее право на землю под строительство, заказчик выдает проектной организации исходные материалы, необходимые для разработки проектно-сметной документации, включая задание на проектирование (в задании на проектирование объектов, финансируемых за счет государственных инвестиций в строительство в рамках государственных и правительственных программ, обязательным требованием является применение строительных материалов, оборудования, изделий и конструкций казахстанского производства с учетом международных обязательств).

Таким образом, из представленной информации следует, что применение строительных материалов, изделий, оборудования и конструкции казахстанского производства считается приоритетным. Более того, реализация государственных проектов путем включения в проектно-сметную документацию технических характеристик, присущих для товаров отечественного производства не противоречит законодательству о государственных закупках.

Между тем, согласно Закону Республики Казахстан «О государственных закупках» от 4 декабря 2015 года № 434-V ЗРК, осуществление государственных закупок основывается на принципах оптимального и эффективного расходования денег, используемых для государственных закупок.

Одновременно, одним из принципов осуществления государственных закупок является оказание поддержки отечественным производителям товаров, а также отечественным поставщикам работ и услуги в той мере, в которой это не противоречит международным договорам, ратифицированным Республикой Казахстан.

В этой связи, территориальным подразделениям Комитета внутреннего государственного аудита поручено при осуществлении контрольных мероприятий неукоснительно соблюдать вышеуказанные нормы законодательства.

С уважением,
Министр

Б. Султанов